ӘБ отырысында
қаралды
ӘБ жетекшісі
_____ Л.Н. Каратовская
«26» 08.22г

«Келісемін»
директордың оқу-әдістемелік
Ісі жөніндегі орынбасары
_____ М.Б. Махметова.
«05» 09.2022ж

«Бекітемін»
Мектеп директоры
_____ А.У. Серикбаева
«05» 09 2022ж

# "Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін " КММ «Балапан»/ шағын орталығының

2022-2023 оқу жылына
арналған

# Аралас тобының
# Перспективтік оқу жоспары

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 -2023 оқу жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық,мектепалды сыныбы)**

**Топ/сынып Ортаңғы , Ересек**
**Балалардың жасы: 3, 4**
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды,жылды көрсету) 2022 жыл қыркүйек айы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әректтің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | ***Ортаңғы топ*** - Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>***Ересек топ***- жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау.Тепе –теңдікті сақтау. |
| | Сөйлеуді дамыту | ***Ортаңғы топ***- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;<br><br>***Ересек топ***- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті .Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту,дидактикалық ойындарды қолдану. |

| | |
|---|---|
| **Көркем әдебиет** | ***Ортаңғы топ-*** ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету<br><br>***Ересек топ-*** Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға ; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру; |
| **Қазақ тілі** | ***Ортаңғы топ-*** Алтын күз.Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға ,Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды,Игерген сөздерін қолданып,сөйлем құру дағдыларын дамыту. Балаларды жемістердің қазақша аталуымен таныстыру. Жемістердің, көкөністердің қазақ тілінде атай білуге ,шағын өлеңдерді жатқа айта білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерді байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту.<br>***Ересек топ-*** Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттарды,жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. |
| **Сенсорика**<br><br>**Математика негіздері** | ***Ортаңғы топ-*** Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>***Ересек топ-*** Жиын.әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру; Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді . |
| **Қоршаған ортамен танысу** | ***Ортаңғы топ-*** отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға, "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру;<br>***Ересек топ-*** баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету;балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. |
| **Құрастыру** | ***Ортаңғы топ-*** әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру<br>***Ересек топ-*** Құрылыс материалдарынан құрастыру.орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру; |

| | |
|---|---|
| **Сурет салу** | ***Ортаңғы топ-*** Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>***Ересек топ-*** әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету |
| **Мүсіндеу** | ***Ортаңғы топ-***сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>***Ересек топ-*** Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру; Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу. |
| **Жапсыру** | ***Ортаңғы топ-*** дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға дағдыландыру.;<br>***Ересек топ-*** қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды дағдыландыру. |
| **Музыка** | ***Ортаңғы топ-*** Музыка тыңдау.түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай алу дағдысын қалыптастыру. Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>***Ересек топ-*** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 -2023 оқу жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық,мектепалды сыныбы)**

**Топ/сынып ортаңғы , ересек**

**Балалардың жасы 3, 4**
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды,жылды көрсету) 2022 жыл қазан айы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | ***Ортаңғы топ*** - Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>***Ересек топ-*** жүру. жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру |
| | Сөйлеуді дамыту | ***Ортаңғы топ*** – ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;<br>***Ересек топ-*** сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту |

| | |
|---|---|
| **Көркем әдебиет** | ***Ортаңғы топ-*** кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға дағдыландыру<br><br>***Ересек топ-*** мәнерлеп оқу. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге дағдыландыру. |
| **Қазақ тілі** | ***Ортаңғы топ-*** Мамандықтың бәрі жақсы.Мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға, Дене мүшелерінің қазақша атауын, сөздер мен сөйлемдерде қолдануға, жұмбақ, мақал-мәтел үйрету. Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл мәдениетін жетілдіру. Сөздерді сөйлемдерді байланыстырып құрауды дамыту.<br><br>***Ересек топ-*** Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту |
| **Сенсорика**<br><br>**Математика негіздері** | ***Ортаңғы топ-*** Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы,ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бар затты екінші затпен беттестіру.<br><br>***Ересек топ-*** заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. |
| **Қоршаған ортамен танысу** | ***Ортаңғы топ-*** Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу<br>***Ересек топ-***көлік түрлерінің қолданысы (әуе, су, жерде жүретін көліктер);<br>жүктің сипаты және қолданылуы машинаның құрылысына тәуелділігі туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа); мамандықтар және ересектердің еңбегімен таныстыру |
| **Құрастыру** | ***Ортаңғы топ-*** бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану<br>***Ересек топ-*** сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру |
| **Сурет салу** | ***Ортаңғы топ-*** көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);<br>***Ересек топ-*** көкөністер мен жемістерді, ыдыстар, ойыншықтар, жануарларды бейнелеу; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Мүсіндеу** | ***Ортаңғы топ-*** алакандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру<br>***Ересек топ-*** пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу |
| | **Жапсыру** | ***Ортаңғы топ-*** бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдай алу дағдысын қалыптастыру<br>***Ересек топ-*** текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдану дағдысын бекіту. |
| | **Музыка** | ***Ортаңғы топ-*** Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.Ән айту. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>***Ересек топ-*** Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.Ән айту. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 -2023 оқу жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық,мектепалды сыныбы)** „Жамбыл [illegible] "[illegible]" „Балапан" шағын орталығы

**Топ/сынып ортаңғы , ересек** аралас

**Балалардың жасы 3, 4**
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды,жылды көрсету) 2022 жыл Қараша айы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | Дене шынықтыру | *Ортаңғы топ* - жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;<br>*Ересек топ-* секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; бір орында оңға, солға бұрылып секіру, баланың қолын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту, 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру); |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | ***Ортаңғы топ*** – заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету;<br>балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту<br><br>***Ересек топ-*** жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану; |
| **Көркем әдебиет** | ***Ортаңғы топ-*** тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру<br><br>***Ересек топ-***. мазмұндау. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға дағдыландыру. |
| **Қазақ тілі** | ***Ортаңғы топ-*** Менің Отаным.Балаларға Отан туралы түсінік беру. Тіл мәдениетін жетілдіру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, Отан туралы тақпақ үйрету.<br>Мемлекттік рәміздері. Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, тіл мәдениетін жетілдіру.<br>***Ересек топ-***. Елорда–Астана. Елордамен таныстыру. Сөздік қорларын молайту.Әсем қала–Алматы. Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. |
| **Сенсорика**<br><br><br>**Математика негіздері** | ***Ортаңғы топ-*** биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету<br><br>***Ересек топ-*** 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету |
| **Қоршаған ортамен танысу** | ***Ортаңғы топ-*** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру<br>***Ересек топ-*** телефон, компьютер, теледидардың қолданысы туралы білімдерін қалыптастыру және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. |
| **Құрастыру** | ***Ортаңғы топ-*** ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру<br>***Ересек топ-*** үлгі бойынша құрастыру; |

| | |
|---|---|
| **Сурет салу** | ***Ортаңғы топ-*** бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.<br><br>***Ересек топ-*** дөңгелек пішінді заттарды салу; |
| **Мүсіндеу** | ***Ортаңғы топ-*** бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру.<br><br>***Ересек топ-*** балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау. Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге дағдыландыру; |
| **Жапсыру** | ***Ортаңғы топ-*** желімдеудің техникасымен таныстыру және жұмыс жасау<br><br>***Ересек топ-*** дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту |
| **Музыка** | ***ортаңғы топ-*** Музыка тыңдау. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.Ән айту.<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br><br>***Ересек топ-*** Музыка тыңдау. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. |
| | |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 -2023 оқу жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық,мектепалды сыныбы)**
Жаңаарқа ауданы "... ЖМШ" "Балапан" шағын орталығы
**Топ/сынып ортаңғы , ересек**
Аралас.

**Балалардың жасы, 3, 4**
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды,жылды көрсету) 2022 жыл Желтоқсан айы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | Дене шынықтыру | ***Ортаңғы топ*** - жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына және т.с.с. жүгіру;<br>***Ересек топ-*** домалату, қағып алу, лақтыру. Заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта), допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан). Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Алысқа дәлдеп лақтыру (3,5–6,5 м кем емес). Оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға дәлдеп лақтыру; |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | ***Ортаңғы топ*** – жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыра алу дағдыларын дамыту(ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар).<br><br>***Ересек топ-*** сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен бірге қолдану. Әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру |
| **Көркем әдебиет** | ***Ортаңғы топ-*** кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.<br>***Ересек топ-***. театрландырылған әрекет дағдыларын дамытуу |
| **Қазақ тілі** | ***Ортаңғы топ-***Қыс қызығы. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қысқа мәтіндер құрауды үйрету, жұмбақ, жаңылтпаш жаттауға үйрету. Үй жануарлары. Үй жануарлары мен төлдерін қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру.<br>***Ересек топ-***. Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. . Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөздерді дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. |
| **Сенсорика**<br><br><br>**Математика негіздері** | ***Ортаңғы топ-*** Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға, шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін көрсету<br>***Ересек топ-*** теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес сандарын. |
| **Қоршаған ортамен танысу** | ***Ортаңғы топ-*** Көлік, байланыс құралдары.<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру.<br>Ересектердің еңбегі.<br>Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Қазақстан - менің Отаным.<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>***Ересек топ-*** Қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.<br>Біздің еліміздің қорғаны әскер туралы білімдерін қалыптастыру. |

| | |
|---|---|
| | Қазақстан республикасының бас қаласы – Нұр-Сұлтан туралы білімдерін суреттерді, альбомдарды қолданып, қарастыру арқылы қалыптастыру.Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздер туралы (Ту, Елтаңба, Әнұран) білімдерін қалыптастыру.Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. |
| **Құрастыру** | ***Ортаңғы топ-*** көп түсті құрылым құрастыру<br>***Ересек топ-*** умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді пішіндерге айналдыру. |
| **Сурет салу** | ***Ортаңғы топ-*** Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру.түстерді тану мен ажырату: қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ;<br><br>***Ересек топ-*** қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. |
| **Мүсіндеу** | ***Ортаңғы топ-***. табиғи материалдан мүсіндеу дағдыларын бекіту<br><br>***Ересек топ-*** кескішті қолдануды таныстыру. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіруге тырысуын ынталандыру. Ұқыпты мүсіндеу әдістерін бекіту. |
| **Жапсыру** | ***Ортаңғы топ-*** ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуді.<br>***Ересек топ-*** Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша біріздідігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. |
| **Музыка** | ***Ортаңғы топ-*** Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау қабілетін жетілдіру<br>***Ересек топ-***; Музыкалық-ырғақты қимылдар.Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 -2023 оқу жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық,мектепалды сыныбы)** „Жалтыр а. №2 ЖОББМ" КМБ „Балапан" шағын орталығы

**Топ/сынып ортаңғы , ересек** аралас

**Балалардың жасы** <u>3, 4</u>
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды,жылды көрсету)** **2023 жыл Қаңтар айы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | Дене шынықтыру | *Ортаңғы топ* - секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру;<br>*Ересек топ*- еңбектеу, өрмелеу. 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу, тақтайда, орындықта көлденеңінен еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу, аралықтан аралыққа, оңға, солға ауысу |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | ***Ортаңғы топ*** – зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануға; сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануға үйрету<br><br>***Ересек топ-*** Әңгімеге катысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру.<br>Ұсынылғанмазмұнбойыншасахналауғаүйрету |
| **Көркем әдебиет** | ***Ортаңғы топ-*** кейіпкерлерге жанашырлық танытуға;шығарма жанрларын (тақпақ, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажыратуға үйрету.<br>***Ересек топ-*** адамгершілік нормалары туралы түсінікКелесі дағдыларды қалыптастыру:<br>ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас; адамдардың сезімі мен қарым-қатынасын көрсету; әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру; |
| **Қазақ тілі** | ***Ортаңғы топ-*** Ұлттық киім.Ұлттық киім қазақша атауларымен таныстыру. Сөздерді қолданып жай сөйлем құруға жаттықтыру. Азық-түлік. Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға талпындыру.<br><br>***Ересек топ-*** Ұлттық тағамдармен таныстыру. Сөздік қорларын молайту. Қандай түстер.<br>Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту.<br>Қандай?сұрағына жауап беруге үйрету. Сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. |
| **Сенсорика Математика негіздері** | ***Ортаңғы топ-*** геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын қалыптастыру<br>***Ересек топ-*** теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету; |
| **Қоршаған ортамен танысу** | ***Ортаңғы топ-*** Өсімдіктер әлемі.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>***Ересек топ-*** Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол |

| | |
|---|---|
| | және жерасты өту),бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру<br>өлітабиғатнысандары- су, жер, ауа, күннің көзітуралыбілімдерінкеңейту;<br>табиғатқұбылыстары: жел, жаңбыр, тұмантуралытүсініктерінқалыптастыру.<br>Табиғаттағымаусымдықөзгерістер: |
| **Құрастыру** | ***Ортаңғы топ-*** үлгі бойынша құрастыру<br>***Ересек топ-*** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту. |
| **Сурет салу** | ***Ортаңғы топ-*** Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдерін қолдану;<br>2) қарындаш, қылқалам, бояу, гуашьты пайдалану;<br>3) негізгі түстер мен олардың реңктерін пайдалану;<br>4) таяқпен құмға, бормен асфальтқа сурет салу;<br>5) ойлау бойынша дербес сурет салу.<br>***Ересек топ-*** қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру |
| **Мүсіндеу** | ***Ортаңғы топ-***. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру<br>***Ересек топ-*** жануарлардың мүсінін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану; |
| **Жапсыру** | ***Ортаңғы топ-*** желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу дағдысын қалыптастыру<br>***Ересек топ-*** қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу |
| **Музыка** | ***Ортаңғы топ-*** Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру<br>***Ересек топ-*** би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 -2023 оқу жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық,мектепалды сыныбы)**
[illegible] "Болашақ" шағын орталығы
**Топ/сынып ортаңғы , ересек**
**Балалардың жасы** 3, 4
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды,жылды көрсету)** 2023 жыл Ақпан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Ақпан | Дене шынықтыру | ***Ортаңғы топ*** - лақтыру, тастау, қағып алу. Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен кеуде тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру. Көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру;<br>*Ересек топ-* тепе-теңдікті сақтау. Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық), сызықпен, арқанмен, тақтаймен, гимнастикалық орындықпен, бөренемен жүру. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу. Тепе-теңдікті сақтау: қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру; қолын беліне қойып, екі жаққа айналу. Ойлы-қырлы тақтаймен жүру, көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру. Еденнен 20–25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан, қолд[illegible] түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | ***Ортаңғы топ*** – суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру<br><br>***Ересек топ-*** Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына балаларға түсінікті "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту |
| **Көркем әдебиет** | ***Ортаңғы топ-*** суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беру қабілеттерін дамыту<br>***Ересек топ-*** таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау; ертегі желісін ретімен орындауға дағдыландыру. |
| **Қазақ тілі** | ***Ортаңғы топ-***Көктем.Көктемге байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу.Көктем келді, құс келді.Құстардың қазақша атауларымен таныстыру. Құстарды танып дұрыс атау. Кейбір жыл құстары туралы қысқаша мәлімет беру.Армысың, әз Наурыз!Ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыр.<br><br>***Ересек топ-*** Сөздік қорларын молайту, ұлттық ыдыстармен таныстыру. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білуге баулу. |
| **Сенсорика**<br><br>**Математика негіздері** | ***Ортаңғы топ-*** Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге дағдыларын дамыту.<br>***Ересек топ-*** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, "Нешінші?", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; |
| **Қоршаған ортамен танысу** | ***Ортаңғы топ-*** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру<br><br>***Ересек топ-*** балалардың бөлме өсімдіктері, олардың ерекшеліктері туралы білімдерін байыту. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, өсімдіктердің өсіп-өнуі үшін қажетті жағдайлар туралы білімдерін қалыптастыру. Адамның табиғатқа деген қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру; |

| | |
|---|---|
| **Құрастыру** | ***Ортаңғы топ-*** қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру<br>***Ересек топ-***. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. |
| **Сурет салу** | ***Ортаңғы топ-*** Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу<br>***Ересек топ-*** қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту |
| **Мүсіндеу** | ***Ортаңғы топ*** -Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту<br>***Ересек топ-*** ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық композициялар құру; |
| **Жапсыру** | ***Ортаңғы топ-*** жаймадағы дайын пішіндерге жағу желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану дағдыларын қалыптастыру<br>***Ересек топ-*** жолаққа геометриялық пішіндер мен өсімдік өрнектерінен өрнектер жасау |
| **Музыка** | ***Ортаңғы топ-*** Музыка тыңдау.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.Ән айту. бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>***Ересек топ-*** Музыкалық-ырғақты қимылдар<br>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді<br>сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.жүреле отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2022 -2023 оқу жылына арналған**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық,мектепалды сыныбы)** Шаиқар а. ...ы "Елім «Балапан»" шағын орталығы

**Топ/сынып ортаңғы , ересек** аралас

**Балалардың жасы** 3, 4

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды,жылды көрсету)** 2023 жыл Наурыз айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз | Дене шынықтыру | *Ортаңғы топ* – еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арас... алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен, 40 см биіктіктегі доғамен, арқан... тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыр...<br><br>*Ересек топ-* сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Қатарға бір- бірден сапқа т... екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша түзелу. |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | ***Ортаңғы топ*** – шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттату<br><br>***Ересек топ-*** Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру, ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. Тілдік және артикуляциялық аппараты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру |
| **Көркем әдебиет** | ***Ортаңғы топ-*** мәнерлі, мағыналы, эмоционалды түрде жатқа айтуға үйрету<br>***Ересек топ-*** театрландырылған әрекеттің басқа да жұмыс түрлерін(саусақ, үстел үсті, көлеңкелі және тағы басқа) меңгерту. |
| **Қазақ тілі** | ***Ортаңғы топ-*** Киіз үй жабдықтарымен таныстыру. Ұлттық бұйымдарды дұрыс айтуға үйрету. Әжемнің оюлары.Қазақ ою-өрнектерінің аттарымен таныстыру. Сөздік қорларын ою аттарымен молайту.<br><br>***Ересек топ-*** Жайлауда.Жайлау туралы түсінік беру, тақырып бойынша жаңа сөздермен тіл байлығын жетілдіру.Тілдік және артикуляциялық аппараты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. |
| **Сенсорика**<br><br>**Математика негіздері** | ***Ортаңғы топ-*** өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.<br>***Ересек топ-*** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;<br>2) биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;<br>3) шаманы салыстыруда беттестіру және тұстастыру тәсілдерін қолдану. |
| **Қоршаған ортамен танысу** | ***Ортаңғы топ-*** бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония) олардың ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру<br>***Ересек топ-*** Жануарлар әлемі:үй жануарлары және жабайы аңдар, олардың сыртқы келбеті, қозғалуы, күз мезгіліндегі (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы,) қоректену тәсілдері және қысқы дайындығы туралы білімдерін кеңейту. |
| **Құрастыру** | ***Ортаңғы топ-*** құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тану. Сюжеті бойынша біріктіру және ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру; |

| | |
|---|---|
| | ***Ересек топ-***. Конструктор бөлшектерінен құрастыру.Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру |
| **Сурет салу** | ***Ортаңғы топ-*** жануарлардың суретін салу дағдыларын жетілдіру<br>***Ересек топ-*** элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру; қазақ оюларының кейбір элементтерін салу; |
| **Мүсіндеу** | ***Ортаңғы топ*** - Сюжеттік мүсіндеу.<br><br>***Ересек топ-*** ұжымдық жұмыстарды орындау, міндеттемелерді өзара бөлісу |
| **Жапсыру** | ***Ортаңғы топ-*** Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру;<br>2) шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру;<br>3) пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыру;<br>4) геометриялық элементтерден өрнек құрастыруға баулу.<br>***Ересек топ-*** Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) ұжымдық мазмұнды композицияны құрастыру;<br>2) заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыру;<br>3) дөңгелектер мен сопақтарды қию; |
| **Музыка** | ***Ортаңғы топ-*** Музыка тыңдау. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.Ән айту. сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату қабілетін дамыту<br><br>***Ересек топ-*** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 -2023 оқу жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық,мектепалды сыныбы)**
„Жалтыр а. [illegible] КММ «Баганаш» шағын орталығы
**Топ/сынып ортаңғы , ересек**
**Балалардың жасы, 3, 4**
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды,жылды көрсету) 2023 жыл Сәуір айы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | Дене шынықтыру | ***Ортаңғы топ*** – жүру. Нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру;<br>жүгіру. Әртүрлі бағыттарда, жылдам (10-20 метр) және баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдысын қалыптастыру;<br><br>***Ересек топ-*** Балалардың доптармен, құрсаулармен, ойыншықтармен ойындарын жетілдіру, денешынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | ***Ортаңғы топ-*** сөз және сөз үйқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа, назар аударуға тәрбиелеу<br><br>***Ересек топ-*** заттар тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру (ойншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) |
| **Көркем әдебиет** | ***Ортаңғы топ-*** Сурет бойынша әңгімелей алу дағдысын қалыптастыру<br>***Ересек топ-*** Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтай білуге үйрету. |
| **Қазақ тілі** | ***Ортаңғы топ-*** Қазақстан – ортақ үйіміз.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақстан халқы тату, көп ұлтты мемлекет екенін түсініктерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту .Сөздік қорларын молайту. Зейін қойып тыңдауға, таныс сөздерді табуға дағдыландыру.<br><br>***Ересек топ-*** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және колдануды үйрету.Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке катысуға үйрету, 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білуге баулу. |
| **Сенсорика**<br><br>**Математика негіздері** | ***Ортаңғы топ-***. Уақытты бағдарлау,тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн<br>***Ересек топ-*** Геометриялық пішіндер: балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету дағдыларды қалыптастыру: геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. |
| **Қоршаған ортамен танысу** | ***Ортаңғы топ-*** Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:жыл мезгілдеріндегі ауа райының жағдайларын бақылау және анықтай білуді жетілдіру;<br><br>***Ересек топ-*** жәндіктердің аттарын (қоңыз, көбелек, шыбын) бекіту, кейбір жәндіктер туралы (құмырсқа) қарапайым түсінік беру.Бауырмен жорғалаушылар санатының өкілдерімен (кесіртке, тасбақа), олардың сыртқы түрімен және қозғалу әдістерімен таныстыру (кесірткенің денесі ұзын, құйрығы да ұзын ол оны тастап кете алады және ол тез қимылдайды): |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құрастыру** | ***Ортаңғы топ-*** қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету.<br>***Ересек топ-***. бөлшектерді өзара желімдеу, композиция құрастыру;әртүрлі "пластик" түріндегі үлгілер жасау; |
| | **Сурет салу** | ***Ортаңғы топ-*** салынған пішіндерін бояуды (штрихтау, мақталы таяқшаларымен бояу); дәстүрден тыс сурет салуды (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен) салуды<br><br>***Ересек топ-*** заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуды; |
| | **Мүсіндеу** | ***Ортаңғы топ*** -мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндеу (аққала, поезд, шарбақ, моншақ,сырға т.б)<br><br>***Ересек топ-*** Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан, қамырдан, ермексаздан мүсіндеу |
| | **Жапсыру** | ***Ортаңғы топ-*** қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады<br>***Ересек топ-*** ересектердің көмегімен қағаз бетінде дөңгелек және сопақша пішіндегі ою-өрнекті жабыстыру |
| | **Музыка** | ***Ортаңғы топ-*** Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); музыкалық және шулы ойыншықтардың, балаларға арналған аспаптардың дыбысталуын ажырату қабілеттерін шыңдау.<br>***Ересек топ-*** әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау, музыканың тактісімен алақандарды соғу; түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 -2023 оқу жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық,мектепалды сыныбы)**
«Шаттар а Н2 мобил" ҚМН «Балапан" шағын орталығы
**Топ/сынып , ортаңғы , ересек**
**Балалардың жасы 3, 4**
***Жоспардың құрылу кезеңі (айды,жылды көрсету)* 2023 жыл Мамыр айы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Мамыр** | **Дене шынықтыру** | ***Ортаңғы топ*** – секіру. Бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; екі аяқпен секіру (аяқтар бірге-аяқтар алшақ), тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру;<br>домалату, лақтыру, қағып алу. Көлденең нысанаға, алысқа лақтыру, тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру, допты тәрбиешіден 1–1,5 метр арақашықтықта лақтыру, үлкен допты екі қолмен арқаннан, тордан өткізе лақтыру дағдыларын қалыптастыру;<br><br>***Ересек топ-*** Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | ***Ортаңғы топ-*** сөздік қорын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы байыту;заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша топтай білуге дағдыландыру.<br><br>***Ересек топ-*** балалардың сөздік қорын тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық заттардың атауларымен байыту, олардың атауларын, заттардың қолданысын түсіндіру; |
| **Көркем әдебиет** | ***Ортаңғы топ-*** Ертегі кейіпкерлерінің образына кіріп ойнау дығдыларын қалыптастыру<br>***Ересек топ-*** таныс бірнеше шығармаларды атауға, мазмұндауға,сахналауға дағдыландыру. |
| **Қазақ тілі** | ***Ортаңғы топ-*** Сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. .Ойыншықтар туралы қысқа мәтіндер құрауды дағдыландыру, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру.<br><br>***Ересек топ-***Сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту |
| **Сенсорика**<br><br>**Математика негіздері** | ***Ортаңғы топ-***. ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру.<br>***Ересек топ-*** Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету. Дағдыларын қалыптастыру: өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру, өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар).Уақытты бағдарлау.Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. |
| **Қоршаған ортамен танысу** | ***Ортаңғы топ-*** құстарды, жәндіктерді, үй және жабайы жануарларды, олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша атау және ажырату.<br>***Ересек топ-*** Келесі білімдерін қалыптастыру:1)өсімдіктер және олардың көктем мезгіліндегі тіршілігі туралы;<br>2) шөптесін өсімдіктер (4-5 түрлері), жидектер, саңырауқұлақтар туралы;<br>3) өсімдіктердің орманда, бақта, бауда, далада өсетіндері туралы;<br>4) пияздың және шөптің бөлмедегі жағдайда өсуі туралы;<br>5) өсімдіктер әлеміне қамқорлық жасау туралы,балалардың қарапайым экологиялық білімдерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру және табиғат бұрышындағы жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға баулу. |
| | **Құрастыру** | ***Ортаңғы топ-***. құрылыс материалдарынан құрастыру<br>***Ересек топ*** - қағаздан "оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | **Сурет салу** | ***Ортаңғы топ-*** бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салу, жолаққа және бұрыштарға қазақ ою-өрнектерінің қос элементін салу<br><br>***Ересек топ-*** Дөңгелек және сопақша пішіндегі ою-өрнекті құрастыру, ұлттық ою-өрнектерді, қазақы ою-өрнектердің элементтерін пайдалану дағдыларын жетілдіру. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін олардың арасындағы аралықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | **Мүсіндеу** | ***Ортаңғы топ*** – қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныту.<br>***Ересек топ-*** Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылықты тәрбиелеу. Халық шеберлерінің еңбегі туралы білімін кеңейту, саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын бекіту. |
| | **Жапсыру** | ***Ортаңғы топ-*** Сюжеттік жапсыру. Балаларды жалпы композиция құрастыруғақалыптастыру.<br>***Ересек топ-*** элементтер реттілігін, олардың арасындағы аралықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып ұлттық ою-өрнекті пайдаланып, ұлттық ыдыстарды безендіру. |
| | **Музыка** | ***Ортаңғы топ-*** қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату;ойындарға, хор айтуға қатысу, таныс би қимылдарын қайталай білу дағдыларын дамыту.<br><br>***Ересек топ-*** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру . Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. |